

Бөлім	Сипаттамасы
Авторлар	Молдабек Эльмира Жандарқызы, қазақ тілі мен әдебиеті пәніннің сарапшы-мұғалімі, НЗМ Тараз
Тақырып	Проактивті карталарды тиімді қолдану арқылы жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту 2024-2025 оқу жылы
Аннотация (150–250 сөз)	<p>Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек білімді меңгеруі емес, оны саналы түрде басқаруы, реттей алуы басты талаптардың бірі. Жаһандану жағдайында білім алушылардан жоғары деңгейлі дағдылар, атап айтқанда сыни ойлау, метатаным және өзін-өзі реттеу қабілеттері талап етіледі. Осы тұрғыда оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту – білім сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болып саналады. Алайда мектеп тәжірибесінде оқушылардың өз оқу әрекетін жоспарлау, бақылау және бағалау, рефлексиялау дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспағаны байқалады. Бұл мәселе оқыту үдерісінде кері байланыстың формалды сипатта берілуімен және оның оқушының оқуына нақты ықпал етпеуімен байланысты. Осыған орай, кері байланыс әдістерін тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Себебі сындарлы, уақтылы және мақсатты берілген кері байланыс оқушының оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өз әрекетін талдап, түзетуіне мүмкіндік береді. Сондықтан аталған зерттеу қазіргі білім берудегі маңызды қажеттіліктердің бірі – оқушының дербес оқу дағдыларын қалыптастыру мен білім сапасын арттыру мәселесін шешуге бағытталғандығымен өзекті болып табылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – кері байланыс әдістерін тиімді қолдану арқылы оқушылардың өз әрекеттерін реттеу дағдыларын дамыту. Сәйкесінше, оқушылардың тілдік дағдыларын: оқылым және жазылым дағдыларын дамыту. Зерттеу барысында тақырыпқа байланысты ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, эмпирикалық талдау әдісі қолданылды. Сонымен қатар, сауалнама алынып, нақты мәселелер анықталып, сандық, сапалық талдаулар жасалады. Оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуда қолданылған кері байланыс әдістері «Бағалауда проактивті болу» әдістемелік құралы негізінде алынды. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың білім сапасы мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінде ілгерілеушілік анықталды. Тәжірибе барысында өз тиімділігін көрсеткен сындарлы кері байланыс әдістері жинақталып, осы бағыттағы зерттеу жұмысты жалғастыру ұсынылады.</p>
Ақтуалдылық және мәселенің негізделуі	<p>Өзін-өзі реттеу дағдысын арттыру қажеттілігі 2024-2025 оқу жылдарында сыртқы жиынтық бағалау емтиханын тапсыратын 10 «А», «С», «D» сыныптарында кездескен мәселелерге байланысты болды. Олар: сабақ барысында бір қатені бірнеше рет жіберуі, оқылым және жазылым жұмыстарына жауапкершілікпен қарамауы, бағалауда қойылған балға көңілі толмауы, өзін-өзі бағалай алмауы сынды мәселелер кездесті. Сондықтан күнделікті сабақта оқушылардың сабаққа жауапкершілігі мен білім сапасын арттыру мақсатында өзін-өзі реттеу дағдысын дамытту қажеттілігі анықталды.</p> <p>Өзін-өзі реттеу концептісі оқыту концептісінің құрамдас бөлігі болып табылады, басқаша айтқанда, өзін-өзі реттеу оқу</p>

стратегияларын, өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асырудың жолдары мен формаларын мақсатты түрде дербес іздеуді және үздіксіз рефлексияның тұрақты дағдысын қамтиды. Қазіргі білім берудің ең маңызды міндеті – оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыру, оқушылардың тұлғалық ерекшелігін ескере отырып, оларды оқыту үдерісіне белсенді болуға барынша ынталандыру және оны олардың жасырын қабілеттерін ашу. Қазіргі жағдайда оқушыларды өз бетінше ақпарат іздеуге үйрету, оқушының оқу процесі мен өздігінен білім алу қажеттілігі туралы түсінігін қалыптастыру, зерттеушілік дағдыларын дамыту, сонымен қатар оқушыларды мақсатты түрде білім алуға ынталандыру. Осы орайда білім берудің өзекті мәселелерін шешуде оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту мәселесі маңызды болып табылады.

Оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту – оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыруға бағытталған қазіргі білім берудің міндеттерінің бірі. Кез келген оқушы кез келген жаста табысты оқу үшін өзін-өзі реттеуі керек. Оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдысын дамыту үшін мұғалім оқушылардың өзіндік оқу үдерісіне белсенді қатысатын, өз болжамдарын, ұсыныстарын еркін тұжырымдайтын, бір-біріне кеңес беретін, өз алдына мақсат қоятын, бағалай алатындай білім беру ортасын құруы керек.

NIS-Programme білім беру бағдарламасында ұсынылған құндылықтар, білім мен сауаттылық түрлері НЗМ оқушысының күнделікті өзегіне айналып, келесі басымдық берілетін дағды түрлерінде көрініс табуы тиіс екенін атап өтеді. Олардың бірі когнитивті және метакогнитивті дағдылар: сыни және креативті ойлау, мәселелерді шешу және шешім қабылдау, зерттеу дағдылары, өзін-өзі реттеу, үйренуді үйрену және жүйелі ойлау.

Тәжірибеде көрсеткендей өзін-өзі реттеуді қамтамасыз ететін бірден бір құрал түрі -ол күнделікті сабақтағы кері байланыс. Мұғалімнің кәсіби өсуінің қайнар көзі тәжірбие, өйткені ол құрылымды талдау жүргізудің объектісі болып табылады: кері байланыс жасалмай жүргізілген тәжірбие өнімсіз болып біртіндеп мұғалімнің тоқырауына алып келеді деп (М.Уоллес, 2006) айтып кеткендей, күнделікті сабақ барысында сындарлы кері байланыс түрлерін түрлендіріп қолдану нәтиже үшін өте маңызды. Қалыптастырушы бағалау, тиімді кері байланыс – күнделікті сабақта жүзеге асатын, білім мен дағдыны қалыптастыру деңгейін анықтайтын, оқушының білім алуын үнемі бақылап отыратын мақсатқа бағытталған үздіксіз үдеріс. Қалыптастырушы бағалау білім беру үдерісінде оқушы мен мұғалімнің арасындағы өзара тығыз байланысты қалыптастырады. Бұл үдеріс оқушылардың жаңа материалды меңгеруде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағандығын анықтауға және оқытудағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Қалыптастырушы бағалауды қолдануда мұғалім мен оқушының, оқушы мен оқушының, оқушы мен мұғалімнің арасындағы кері байланыс нығаяды. Оқушы өзін және өзгені бақылап, өзінің және өзгенің нәтижелерін өзі, өзара жұптық, топтық бағалау арқылы жүзеге асырады.

<p>Мақсат және зерттеу сұрақтары</p>	<p>Тәжірибеде әс-әрекеттегі зерттеуді ұйымдастырудағы негізгі мақсат – сыртқы жиынтық бағалау емтиханын тапсыратын 10-сынып оқушыларының емтиханға жауапкершілігін арттырып қана қоймай, олардың тілдік (оқылым, жазылым) дағдыларын дамыту болды. Зерттеу барысында бірнеше нақты болжамдар анықталды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • емтихан талаптарына сай оқылым және жазылым тапсырмаларын орындайды; • оқушылардың сыни ойлау дағдылары дамиды; • жоғары ойлау дағдыларын қажет ететін тапсырмаларды сәтті орындап шығады; • өз әрекеттерінің сәтті немесе сәтсіз тұстарын бағалай алады; • өз әрекетін бағалай отырып, нақты қорытындылар ұсынып, өзгерістер енгізеді. <p>Сәйкесінше, күтілетін нәтижеден зерттеу сұрағы нақтыланды. Оқушылардың емтихан талаптарына сай жоғары ойлау дағдыларын талап ететін тапсырмаларды қалай сәтті орындатуға болады? Олардың өз әрекеттерінің сәтті немесе сәтсіз тұстарын қалай бағалауына ықпал етуге болады?</p>
<p>Теориялық негіз (қысқаша)</p>	<p>Зерттеу әрекетін ұйымдастыруда, яғни оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдысын арттыратын әдістердің тиімділігін бағалау үшін ғылыми әдебиеттерге шолу жасалынды. Әдебиеттерді саралай келе сабақтағы кері байланыс, қалыптасырушы бағалау, сыни пікірдің рөлі оқушы әрекетін реттеуде жоғары екені анықталды. Александер (2001) сыныптағы бағалауды тек қана техникалық тәсіл еместігін басып айтады. Ол өз зерттеуінде мұғалімдердің жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайтынын сөз етеді. Сондай-ақ мұғалімдер қолданатын кез келген нысанның артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар, стандарттар ғана емес, баланың дамуы, оқуы мен ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтардың жататынын алға тартады. Сабақты жоспарлау барысында күтілетін нәтижелерді анықтау, білім алушылардың оқу нәтижесіне жетудегі әрекетін жоспарлау және жүзеге асыру, оқушылардың оқу нәтижесіне сындарлы кері байланыстың көмегі арқылы қол жеткізуін ұйымдастыру алгоритімін Ресей ғалымдары И.С.Фишман мен Г.Б. Голуб (2007) ұсынады. Сол үшін сабақ үдерісінде сабақты жоспарлау мен ұйымдастыру бөлімдерінде оқу нәтижесіне жетудегі әрекеттерді ұтымды жоспарлап әрі оны жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар сындарлы кері байланыстың болуы аса маңызды екені белгілі. Блэк пен Уильям қалыптастырушы бағалаудың 5 негізгі стратегиясын анықтайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Күтілетін нәтижелер мен бағалау критерийлерін түсіндіру; 2. Сыныптағы тиімді өзара әрекеттестікті қалыптастыру; 3. Оқушыларды кері байланыспен қамтамасыз ету; 4. Оқушыларды өзара оқыту үдерісіне қатыстыру; 5. «Оқушыны өз білімінің «құрастырушысы» ретінде қалыптастыру. <p>Демек, сыныпта қалыптастырушы бағалаудың негізгі стратегияларын жүзеге асыру оқушыларға оқу мақсаттарына қол жеткізуге және өз нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді.</p>

<p>Методология</p>	<p>Зерттеу іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) тәсіліне негізделіп ұйымдастырылды. Зерттеу нысаны ретінде сыртқы жиынтық бағалауға дайындық кезеңіндегі 10-сынып оқушылары (10А, 10С, 10D сыныптары, жалпы саны – 72 оқушы) алынды. Зерттеу барысында диагностикалық және эмпирикалық әдістер қолданылып, білім сапасының көрсеткіштері (тоқсандық нәтижелер мен сынама емтихан қорытындылары) талданды, сондай-ақ сауалнама арқылы оқушылардың оқу үдерісіндегі қиындықтары анықталып, алынған деректер сандық және сапалық тұрғыда өңделді. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың 47%-ы өз бетімен оқу әрекетін ұйымдастыруда, ал 28%-ы өз білімін уақытылы бақылау және түзетуде қиындық көретіні белгілі болды. Бұл көрсеткіштер зерттеудің негізгі мәселесін айқындап, кері байланыс әдістерін тиімді қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту зерттеудің басты бағыты ретінде белгіленді. Сонымен қатар, зерттеудің теориялық негізін қалыптастыру мақсатында қалыптастырушы бағалау мен кері байланысқа қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге шолу жасалып, тиімді қалыптастырушы бағалауды жүзеге асырудың негізгі кезеңдері (<i>мақсат қою, тапсырма орындау, кері байланыс беру, нәтижені талдау</i>) айқындалды. Зерттеу барысында этикалық қағидалар сақталып, қатысушылардың ерікті түрде қатысуы қамтамасыз етіліп, алынған деректердің құпиялылығы қорғалды.</p>
<p>Жүзеге асыру (зерттеу барысы)</p>	<p>Зерттеу жұмысы Action Research циклі негізінде кезең-кезеңімен жүзеге асырылды: жоспарлау, әрекет, бақылау, талдау және рефлексия. Жоспарлау кезеңінде оқушылардың оқу жетістіктері (сынама емтихан және тоқсандық нәтижелер) талданып, сауалнама қорытындылары негізінде негізгі проблемалар айқындалды. Нәтижесінде зерттеу бағыты ретінде кері байланысты жетілдіру арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту белгіленіп, орта мерзімді жоспар әзірленді. Сонымен қатар «Қалыптастырушы бағалауда проактивті болу» әдістемелік құралы негізінде бағалаудың 3, 4, 5 стратегиялары таңдалып алынды. Әрекет кезеңінде сабақ тапсырмалары сыртқы жиынтық бағалау форматына сәйкестендіріліп, қалыптастырушы бағалау әдістері проактивті карточкалар арқылы түрлендіріліп қолданылды. Оқушылар бағалаудың бес кезеңінен өтіп, өз әрекетін бағалауға бағытталды. Кері байланыс «мұғалім-оқушы», «оқушы-оқушы» және «оқушы-мұғалім» форматтарында ұйымдастырылып, бастапқыда мұғалімнің сындарлы кері байланысы басым болса, кейін оқушылар өзара бағалауға көшті. Бақылау және талдау кезеңінде оқушылардың оқу әрекеті мен кері байланысқа реакциясы жүйелі түрде бақыланып, «Оқушыға комментарий», «Детальге назар аудар», «Конструктивті диалог» сияқты әдістердің тиімділігі салыстырмалы түрде талданды. Бұл тәсілдер оқушыларға өз қателерін нақты анықтап, оны түзету жолдарын көруге мүмкіндік берді. Рефлексия кезеңінде оқушылардың кері байланысы негізінде жазбаша кері байланыстың оқылым мен жазылым дағдыларын дамытуда тиімді екендігі анықталып, кері байланыс формаларын одан әрі жетілдіру қажеттілігі айқындалды. Бірінші цикл нәтижелері оқушылардың өзін-өзі бағалау және реттеу дағдыларының дамуына оң әсер етіп, келесі кезеңде кері байланысты жүйелеу және дербестендіру бағытында өзгерістер енгізуге негіз болды. Осылайша, зерттеу барысы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, кері байланыс</p>

	<p>әдістерін жүйелі қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларының дамуы қамтамасыз етілді.</p>
<p>Нәтижелер және негізгі қорытындылар</p>	<p>Тәжірибедегі іс-әрекетті зерттеу нәтижесінде оқушылардың өз оқуына, өз әрекетіне жауапкершілігінің артқандығын, сабақ барысында оқылым және жазылым дағдылары бойынша берілген тапсырмаларда оқушылардың нәтижелерінің артқандығы анықталды. Оған бірінші, екінші, үшінші сынама емтихан нәтижелері мен ТЖБ жұмыстары нәтижесі дәлел бола алады. Сынама емтиханының нәтижесі бойынша 10С, 10А, 10D сыныптарының нәтижелері сыныптың ерекшелігіне сай әр түрлі болғанымен, алғашқы көрсеткішке қарағанда артқандығы байқалады. Мәселен, қараша айындағы алғашқы сынама емтиханының нәтижесі бойынша 10А сыныбының оқылым дағдысының 1 емтихан жұмысы бойынша орта балы мүмкін 50 балдан 25 балды құраса, соңғы №3 сынама емтиханының нәтижесі бойынша 33,5 балға дейін артқан. (1-сурет.)</p> <p>Бұл тапсырма оқушылардың талдау дағдыларын ғана емес, сонымен қатар теориялық (<i>лексика, морфология, синтаксис</i>) білімдерін де қажет етеді. Ал оқушылардың жазылым дағдысы бойынша шығармашылық жазылым жұмыстарының нәтижесі 29% дейін артқан. Оқушылардың жазылым мен оқылым дағдыларының артуына күнделікті қайталанатын дағдылы әрекеттер мен нәтижелі жұмыс өз ықпалын беріп отыр. А оқушысының нәтижесін мысалға алсақ, 1 тоқсандағы жазылым жұмысының нәтижесінде 5 балл алса, дәл сол дағды бойынша 3 тоқсандағы жазылым жұмысының нәтижесі 12 балды құрады.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде алдыңғы болжамдар дәлелденді. Оқушылардың емтихан талаптарына сай оқылым және жазылым тапсырмаларын орындауда мәтін тілін салыстырып талдап жазу, шығармашылық жазылым жұмысын шебер орындау дағдылары артты. Бұл өз кезегінде оқушылардың сыни ойлау дағдыларының дамуына да оң ықпал етті. Жоғары ойлау дағдыларын қажет ететін тапсырмаларды сәтті орындап, өз әрекеттерінің сәтті немесе сәтсіз тұстарын бағалай отырып, өз жұмыстары бойынша нақты қорытындылар ұсынатын болды. Осыған байланысты кері байланыстың уақтылы, нақты, түсінікті және тиімді болуы өте маңызды деп санаймыз: яғни. алынған ақпарат негізінде әрекет ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді (Г.Уиггинс,1998). Осы кері байланысты пайдалана отырып, оқушылар өз жұмыстарын өз бетінше жетілдіріп, түзете алуы білім мен дағдыдағы олқылықтарды жоюға оң ықпал етеді. Сыртқы жиынтық бағалау емтиханына дайындыққа қолданылған бағалау әдістерінің ішінде өз тиімділігін көрсеткен әдістердің бірі «Алғашқы бестік», «Өзін-өзі бағалау кеңестері», сонымен қатар «Қос таңба» әдістері тәжірибеде күнделікті кері байланыс беруде қолдану үшін ұсынылады. (2-сурет.)</p>
<p>Практикалық ұсыныстар</p>	<p>Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, сабақта кері байланысты уақтылы, нақты және түсінікті түрде жүйелі ұйымдастыру, сондай-ақ «Алғашқы бестік», «Өзін-өзі бағалау кеңестері», «Қос таңба» сияқты әдістерді тұрақты қолдану ұсынылады. Бұл оқушылардың өзін-өзі бағалау, рефлексия және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар мектептер арасында тәжірибе алмасуды (коучинг, Lesson Study) күшейтіп, тиімді кері байланыс әдістерін тарату маңызды. Алдағы зерттеулерде цифрлық құралдарды қолдану</p>

	және өзін-өзі реттеу дағдыларының ұзақ мерзімді әсерін зерделеу қажет.																																																
Қорытынды	<p>Жүргізілген зерттеу нәтижелері кері байланыс әдістерін тиімді қолдану арқылы оқушылардың өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға болатынын көрсетті және қойылған мақсатқа қол жеткізілгенін дәлелдеді. Зерттеу барысында оқушылардың өз оқуына жауапкершілігі артып, қателерін талдап, өздігінен түзету дағдылары қалыптаса бастағаны анықталды. Сындарлы кері байланысты жүйелі және түрлендіріп қолдану оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өзін-өзі және өзара бағалауына, сондай-ақ оқу нәтижелерін жақсартуға оң ықпал етті. Зерттеудің практикалық құндылығы – сабақ үдерісінде кері байланысты ұйымдастырудың тиімді тәсілдері анықталып, оларды тұрақты қолдану оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік беретіні дәлелденді. Сонымен қатар алынған нәтижелер білімдегі олқылықтарды дер кезінде анықтап, оларды түзетуге бағытталған әрекеттердің маңыздылығын көрсетті. Осылайша, зерттеу нәтижелері кері байланыстың сапасын арттыру арқылы оқыту тәжірибесін жетілдіруге үлес қосады және бұл бағыттағы жұмысты әрі қарай дамыту, оның ішінде кері байланысты дербестендіру мен цифрлық құралдар арқылы ұйымдастыру болашақ зерттеулердің маңызды бағыты ретінде қарастырылады.</p>																																																
Әдебиеттер тізімі	<p>Быть проактивным в формативном оценивании учебно-методическое пособие, 2018, Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016</p> <p>Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: Учебно-метод. пособие. / Под ред. О.И.Можаевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. 53 с.</p> <p>Лемов Д. Мастерство учителя. Проверенные методики выдающихся преподавателей. МИФ, 2014.</p> <p>Кови, Стивен Р. Семь навыков высокоэффективных людей: Мощные инструменты развития личности, 2015.</p> <p>Фишман И.С., Голуб Г.Б. Формирующая оценка образовательных результатов учащихся: Методическое пособие. Самара: Издательство «Учебная литература», 2007</p>																																																
Қосымшалар (қажет болса)	<p>Көрнекі иллюстрациялар, диаграммалар, кестелер, суреттер</p> <div data-bbox="507 1512 1353 1921" data-label="Figure"> <p>1 CE 1 компонент бойынша орта балы – 25 балл</p> <p>2 CE 1 компонент бойынша орта балы – 25,6 балл</p> <p>3 CE 1 компонент бойынша орта балы – 33,5 балл</p> <p>№1 сынама емтихан нәтижесі</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Сынып</th> <th>1А тапсырмасы</th> <th>1Ә тапсырмасы</th> <th>2 тапсырма</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>10А</td> <td>7</td> <td>10</td> <td>7</td> </tr> <tr> <td>10С</td> <td>8</td> <td>9</td> <td>7</td> </tr> <tr> <td>10D</td> <td>6</td> <td>9</td> <td>7</td> </tr> </tbody> </table> <p>№2 сынама емтихан нәтижесі</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Сынып</th> <th>1А тапсырмасы</th> <th>1Ә тапсырмасы</th> <th>2 тапсырма</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>10А</td> <td>7</td> <td>11</td> <td>7</td> </tr> <tr> <td>10С</td> <td>8</td> <td>10</td> <td>7</td> </tr> <tr> <td>10D</td> <td>6</td> <td>9</td> <td>7</td> </tr> </tbody> </table> <p>№3 сынама емтихан нәтижесі</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Сынып</th> <th>1А тапсырмасы</th> <th>1Ә тапсырмасы</th> <th>2 тапсырма</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>10А</td> <td>10</td> <td>15</td> <td>10</td> </tr> <tr> <td>10С</td> <td>10</td> <td>15</td> <td>10</td> </tr> <tr> <td>10D</td> <td>8</td> <td>14</td> <td>10</td> </tr> </tbody> </table> </div> <p><i>1-сурет.10 сынып оқушыларының сынама емтихандарының нәтижесі</i></p>	Сынып	1А тапсырмасы	1Ә тапсырмасы	2 тапсырма	10А	7	10	7	10С	8	9	7	10D	6	9	7	Сынып	1А тапсырмасы	1Ә тапсырмасы	2 тапсырма	10А	7	11	7	10С	8	10	7	10D	6	9	7	Сынып	1А тапсырмасы	1Ә тапсырмасы	2 тапсырма	10А	10	15	10	10С	10	15	10	10D	8	14	10
Сынып	1А тапсырмасы	1Ә тапсырмасы	2 тапсырма																																														
10А	7	10	7																																														
10С	8	9	7																																														
10D	6	9	7																																														
Сынып	1А тапсырмасы	1Ә тапсырмасы	2 тапсырма																																														
10А	7	11	7																																														
10С	8	10	7																																														
10D	6	9	7																																														
Сынып	1А тапсырмасы	1Ә тапсырмасы	2 тапсырма																																														
10А	10	15	10																																														
10С	10	15	10																																														
10D	8	14	10																																														

АЛҒАШҚЫ БЕСТІК

Мақсаты Өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту және оқудағы түсінігін арттыру

Сипаттамасы Мұғалім алдын ала жиі кездесетін қателердің «Алғашқы бестік» рейтингісін құрастырады.

Оқушыларға «Алғашқы бестікті» зерделеп, қателерден өз рейтингісін құрастыру ұсынылады. Оқушылар шағын топтарда қателер рейтингілерін талқылап, оларды алдағы уақытта болдырмау үшін кеңес береді.

Жиі кездесетін қателер рейтингісі анықталады

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ КЕҢЕСТЕРІ

Мақсаты Өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту

Сипаттамасы Оқушылардан төмендегі сұрақтарға жауап бере отырып, өз жұмысына талдау жасауды өтініңіз:

- Өз жұмысыңыздағы ең жақсы шыққан бір элементті таңдаңыз. Неліктен екенін жұпта/топта/барлық сыныпқа айтып беріңіз.
- Бағалау критерийлерінің қайсысына қол жеткіздіңіз, қайсысымен әлі де жұмыс жасау керектігін талқылаңыз.

ҚОС ТАҢБА

Мақсаты Өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту

Сипаттамасы Әр оқушы жұмысын өз бетінше тексереді және А-өте жақсы, В-жақсы, С- қанағаттанарлық, D- қанағаттанарлықсыз деген бағалар қояды. Осы жұмысты мұғалім де тексереді және бағалайды.

Нәтижелері бөлшек «/» түрінде жазылады және дәптерге, күнделікке немесе бакылау парағына қойылады.

Егер бағалауда айырмашылық болса, мұғалім оқушымен бірге оның қандай екенін және не себепті олай болғанын талқылайды. Әңгімелесу нәтижесінде қойылатын баға туралы бір шешімге келуі тиіс.

1А тапсырмасы

А-өте жақсы, 12-13 балл

В-жақсы 10-11,

С- қанағаттанарлық, 8-9

D-қанағаттанарлықсыз 5-6-7

Шығармашылық жазылымда

А-өте жақсы, 21-22 балл

В-жақсы 17-19,

С- қанағаттанарлық, 14-16

D-қанағаттанарлықсыз 12-14

2-сурет. Бағалау әдістері